

## Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне әлеуметтік көмектің мөшерін белгілеу жөнінде

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 3 сәуірдегі N 69 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 30 сәуірде N 13-7-106 тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 6 қарашадағы N 335 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 6.11.2015 N 335 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағы 14) тармақшасына, "Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, мүгедектерге және оларға теңестірілген тұлғаларға жеңілдіктер және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі 20-бабына, Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық мәслихаттың 2008 жылдың 25 желтоқсандағы № 13/2 "2009 жылға арналған аудандық бюджет туралы" шешімі, жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың бір қатар категорияларына әлеуметтік көмек көрсетуге бюджеттен қаржының бөлінуіне байланысты аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымша іс-шара ретінде Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне әлеуметтік қорғау бойынша бір адамға көрсетілетін ай сайынғы әлеуметтік көмектің мөлшері 500 теңге болып белгіленсін.
2. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығына Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне әлеуметтік көмекті тағайындауды ұйымдастырсын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы ресми жарияланған күннен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

*Аудан әкімі*

*С. Ыбыраев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК